



## ҚАУЛЫСЫ

«19» қаңтар 2022 ж.  
Қызылорда қаласы

## ПОСТАНОВЛЕНИЕ

№ 2  
город Кызылорда

**Қызылорда облысының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 14 қаңтар 2022 жылғы «Қызылорда облысы бойынша шектеу, оның ішінде карантиндік шаралары туралы» №1 Қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 7 шілдедегі Кодексінің 38-бабының 1 тармағының 7) тармақшасына, 104-бабының 2-тармағына және 7 тармағының 8) тармақшасына сәйкес Қызылорда облысы халқы арасында COVID-19 коронавирустық инфекциясының (бұдан әрі – COVID-19) таралуының алдын алу мақсатында **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. Қызылорда облысының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 14 қаңтар 2022 жылғы «Қызылорда облысы бойынша шектеу, оның ішінде карантиндік шаралары туралы» №1 Қаулысына келесі өзгерістер енгізілсін:

1) 1 тармақтың 3)-тармақшасындағы «кинотеатрлар» сөзі алынып тасталсын;

2) 1 тармақтың 9)-тармақшасы жаңа редакцияда жазылсын:

«9) қосымша білім беру ұйымдарында - жеке сабақтар дәстүрлі форматта, 10 адамға дейінгі - топтық сабақтар, балалар мен ересектердің түзету кабинеттерінде – жеке және топтық сабақтар 10 адамға дейінгі - дәстүрлі форматта оқытылсын;»;

3) 1 тармақ келесі редакциядағы 28)-тармақшамен толықтырылсын:

«28) арнайы, мамандандырылған ұйымдардың, ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларға арналған арнайы мектеп-интернаттардың (оның ішінде ата-анасының қамқорлығынсыз қалған жетім балаларға арналған), жалпы үлгідегі мектеп-интернаттардың, дарынды балаларға арналған мектеп-интернаттардың қызметіне.»;

4) 2-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

«2. Барлық деңгейдегі әкімдіктерге, Қызылорда облысының білім басқармасына, барлық меншік нысанына қарамастан және ведомстволық бағыныстағы білім беру ұйымдарының басшыларына эпидемиологиялық ахуал тұрақтанғанша қамтамасыз ету:

1) **600 оқушыға дейінгі** облыс және аудан орталықтарындағы мектептерді - дәстүрлі форматта оқытуды;

2) облыс орталығындағы **600 оқушыдан жоғары мектептер** - қашықтықтан оқыту форматта оқытуды (ауылдық жерлердегі 600 оқушыдан жоғары мектептер - дәстүрлі форматта оқытуды), бұл ретте қашықтықтан оқыту форматтағы мектептер әкімшілігінің шешімімен **1-2 сыныптарды** дәстүрлі форматта оқытуды;

3) ЖОО-дары және колледждердің барлық курс студенттеріне - аралас форматта оқытуды (барлық дәрістер - қашықтықтан оқыту форматта, икемді кесте бойынша: тәжірибелік, зертханалық, семинар сабақтары – дәстүрлі форматта оқытуды).

Оқу орны әкімшілігінің шешімі бойынша вакцинацияның толық курсына алған оқушылар, студенттер дәстүрлі форматта оқытуға жіберіледі.».

2. Осы Қаулының орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы Қаулы қол қойған күннен бастап күшіне енеді.

**Қызылорда облысының  
Бас мемлекеттік  
санитариялық дәрігері**



**Д.Жанабергенова**